

за создание действенной системы кризисного реагирования и совершенствование нормативно-правовой базы, что позволит обеспечить надлежащие условия для оперативного реагирования в кризисных ситуациях.

Наиболее видимым для общественности достижением за последние годы стало создание Коллективных сил оперативного реагирования (КСОР). КСОР – многофункциональная группировка оперативного реагирования, в состав которой вошли воинские части вооруженных сил государств-членов, а также формирования сил специального назначения (КНБ, МВД, МЧС) государств – членов Организации.

Последние встречи «в верхах» в рамках ОДКБ лишь подтверждают стремление государств-членов к тесной интеграции на фоне существующих и потенциальных угроз. Это и борьба с международным терроризмом, незаконным оборотом наркотических средств, психотропных веществ и их прекурсоров, оружия и боеприпасов, и другими видами транснациональной организованной преступности; предотвращение и отражение вооруженных нападений, в том числе агрессии, локализация вооруженных конфликтов; ликвидация последствий чрезвычайных ситуаций.

Таким образом, приоритеты сторон в региональных объединениях сфокусированы на реализации конкретных задач. В перспективе – планы по созданию действенных Коллективных миротворческих сил ОДКБ.

Перечисленные достижения современного Казахстана иллюстрируют новые вехи еще молодого, но уже политически зрелого государства на международной арене. Мы подводим лишь первые итоги международной деятельности нашей республики за 20 лет независимости, периода, полного сложных, порой драматических, а в конечном счете – оптимистических страниц исторического развития.

Келіссөздер үдерісінің қазіргі кездегі мәселелері

Мәжиденова Д. М., Төлешова Л. Х.

Келіссөздер халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды орын алады. Өткен ғасырларда келіссөздер тек саяси қайраткерлер мен дипломаттардың кәсіптік қызметі болса, бүгінде қоғамның ашылуы мен жаһандануы уақытында көптеген тұлғалар мен ұйымдардың ажырамас атрибуты болып табылады. Келіссөздер – дипломатияның маңызды құралдарының бірі. Себебі дипломатия мемлекеттер өкілдері арасындағы өзара байланыстарды білдіреді. Мемлекеттің қазіргі сыртқы саясатының ерекше міндеттерінің бірі дипломатиялық келіссөздер санын ұлғайту болып табылады. Көптеген дипломаттар мен ғалымдар келіссөздер теориясын құрудың маңыздылығын атайды. Алайда, бүгінде бұл бағыттағы зерттеу жұмыстарының аздығын атап өтү қажет.

Осыған байланысты тақырыптың көкейкестілігі бірнеше факторлармен анықталады. Біріншіден, жиырма бірінші ғасырда саяси-экономикалық, әлеуметтік және т.б. әркелкі салалардағы мәселелер санының ұлғаюымен және ең бастысы, атапған мәселелер бойынша халықаралық келіссөздер санының көбеюімен байланыстыруға болады. Қазіргі таңда адамзат мемлекетішілік және үкіметаралық қатынастарда көптеген қайшылықтар мен шиеленістерге тап болып отыр. Келіссөздер біздің әлеуметтік, экономикалық өмірімізді тұрақтандыратын негізгі құралға айналуда.

Екіншіден, халықаралық келіссөздердің сипаттамалары мен түрлерінің сапалық жағынан күрделенуі және халықаралық проблемалардың интернациональдануымен байланысты. Шынында, халықаралық қатынастар мен проблемалардың күрделенуі, келіссөздер үдерісіне де

әсерін тигізбей қоймайды. Бұгінде келіссөздер кесіби мамандардың кең тобын жұмылдыруды, айтарлықтай құш-қуат пен уақытты, тәжірибе мен білімді талап ететін кең ауқымды үдеріс болып табылады. Үшіншіден, халықаралық келіссөздер дамуының принципиалды жаңа кезеңі мен олардың халықаралық қатынастар жүйесіндегі байланыстың барлық аспектілеріне енуімен анықтауға болады. Халықаралық қатынастардың ресейлік зерттеушісі В. А. Кременюк «қазіргі әлемдегі халықаралық аренада әрбір келіссөздік жағдай оның әлдеқайда үлкен жүйесінің бөлінбес бөлшегі болып, олармен тығыз әрекетке түседі... халықаралық келіссөздер арасындағы ішкі байланыстар келіссөздер әлеміндегі жаңа феномен ретінде қалыптасты», – деп пайымдайды [1].

Келіссөздер әлеуметтік қатынастардың ерекше формасы ретінде ежелгі заманнан бері тарихы бар. Алайда, ғылыми зерттеулердің обьектісі ретінде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап таныла бастады [2].

Дипломаттар мен мемлекеттік қайраткерлер дипломатияның құралы ретінде келіссөздердің маңызын сонау ежелгі заманнан бері атап келеді. Бұл туралы көптеген ежелгі философтар мен халықаралық құқықтың аталары сөз етіп, XVIII ғасырда аталған сала бойынша арнайы еңбектер жарық көре бастады.

Халықаралық келіссөздер – саяси, экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, психологиялық және техникалық сипатындағы көптеген аспектілері бар құрделі қоғамдық құбылыс.

Халықаралық кикілжіндерді бейбіт түрде шешудің құралы ретінде келіссөздер дауласуышы жақтардың көкейлеріндегі мәселелер бойынша бірлесіп шешім табуды қамтамасыз етеді.

Келіссөздер – ежелгі халықаралық құқықтық институт, оның пайда болуы халықаралық құқықтың шығуымен байланысты. Ежелгі кезден бастап, қазіргі күнге дейін келіссөздер институты бірталай өзгерістерге ұшырады, алайда даулы мәселелерді реттеудегі оның негізгі тәсілдері мызғымай сақталды. БҰҰ-ның аймақтық үйімдар жарғылары мен тағы да басқа даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу жайлы халықаралық құқықтық құжаттарында (33-бап, 1-тармағы) келіссөздер бірінші орынға қойылған, бұл оның әрекеттілігін, әмбебаптығы мен тиімділігін растай түскендей болады. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1949 жылғы 28 сәуірде қабылданған халықаралық таластарды бейбіт жолмен шешу туралы қайта қаралған Жалпы актісінде (1- б.) әртүрлі даулы мәселелерді тек дипломатиялық жолмен, яғни келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайдағана қолдану қарастырылған. Жаһандық мәселелерді шешу, халықаралық қайшылықтарды реттеу, халықаралық ынтымақтастық пен интеграцияны дамыту қажеттіліктері XX ғасырдың екінші жартысында көпжақты келіссөздердің маңызын арттыра түсті. Келіссөздер үдерісінің дайындығы мен еткізілу құрылымы құрделене берді. Егер 1925 жылы Женевада көпке созылмаған келіссөздерден кейін тұншықтырғыш, улы және т.б. газдар мен бактериологиялық құралдарды қолдануға тыйым салу туралы протокол көлемі бір бетке сыйып кететін болса, соғыстан кейінгі химиялық қаруларды қысқарту туралы келіссөздер онжылдықта созылып, оған дипломаттар мен саясаткерлермен қатар түрлі деңгейлердің сарапшылары қатысқан [3].

Қазіргі таңда келіссөздер мемлекеттік, қоғамдық-саяси, әлеуметтік өмірдің және сауда-экономикалық саланың берік компонентіне айналуда. Сондай-ақ, халықаралық қоғамдастық өмірінде де рөлі арта түсуде. Себебі келіссөздер әлемдік саясаттың маңызды құралдарының бірі болып табылады [4].

Бұл кездейсоқтық емес. Келіссөздердің басқа бейбіт жолмен шешу құралдарынан артықшылығы: біріншіден, дауласуышы жақтар тікелей қарым қатынас жасау арқылы бір-бірінің ұстанымдары және талаптарымен жақынырақ танысады, екіншіден, өз еркімен бейбіт-шілікке ұмтыла отырып, барлық даулы мәселелердің екі жаққа да тиімді шешімдерін табуға көмектеседі.

Келіссөздер дегеніміз не? Келіссөздер – адамдар арасындағы коммуникативті байланыстардың бір түрі. Адамзат тарихынан адамдар арасындағы вербалды және вербалды емес

қатынастардың көптеген тәсілдері мәлім. Бұлардың арасындағы ең негізгісі: консультациялар, пікірталастар, «дөңгелек үстелдер», арбитраж, сұхбат, хат алмасу, делдалдық.

Халықаралық келіссөздердің əсер етудің жоғарыда айтылған тәсілдерінен айырмашылығы нede? Бұл сауалға жауап беру үшін келіссөздердің негізгі ерекше белгілерін айқындарап, осы негізде оның түсінігі мен табиғатын анықтау қажет.

Келіссөздер көпасспектілі және көпдеңгейлі құрылымға ие құрделі үдеріс. Келіссөздер үдерісі – адамдардың тұтас, органикалық бірлігі; олардың мұдделері мен байланыстарының, стратегиялары мен тактикаларының, қағидалары мен тәсілдерінің тұтастыры.

Келіссөздердің процессыалды аспектісі келіссөздердің протоколдық жағынан ұйымдастырылуын қамтиды. Протокол келіссөз жүргізудің негізгі ережелері мен қағидаларын анықтайды.

Келіссөз жүргізу кәсіби дипломаттардың, саясаткерлердің, мемлекеттік қайраткерлердің, іскер адамдардың айрықша құзыры болып табылады [5].

Халықаралық құқық сөздігі келіссөздерге келесідей анықтама береді: «халықаралық келіссөздер – өзара мұдделі қызығушылықтарды білдіретін пікір алмасу, мәселелерді шешу, қайшылықтарды реттеу, түрлі саладағы ынтымақтастықты дамыту, халықаралық келісім-шарттарды бекіту мен орындау және т.б мақсатындағы əркелкі мемлекеттер өкілдері арасындағы байланыстардың маңызды түрі».

Көптеген жағдайларда саяси келіссөздер:

- Саяси қатынастарды құру мен дамытуға;
- Тараптардың ұстанымдарын анықтау мен ақпарат алмасуға;
- Орын алған шиеленісті тұрақтандыруға;
- Бірлескен күшпен ортақ мәселелерді шешуге;
- Қоғаммен байланыстарды нығайтуға, қоғамдық пікірге ықпал етуге, өз жақтастарының санын көбейтуге;
- Саяси қатынастар мен үдерістерді реттеуші келісім-шартқа қол жеткізу мен қол қоюға;
- Қоғамдық пікірге ықпал етуге бағытталған манипулятивтік мақсаттарға бағытталуы мүмкін.

Келіссөздердің негізгі ерекше белгілері мынадай:

1. Мәселенің болуы.

Шынымен, талқылануға тиісті мәселенің болуы кез келген келіссөздердің алғышарты болып табылады.

2. Тараптар мұдделерінің үқсас және əркелкі болуы.

Тараптар арасында ортақ қызығушылықтар болмаған жағдайда мемлекетаралық қатынастар бейтарап болып, айырмашылықтар болғанда конфронтациялық күй орнайды. Соңдықтан келіссөздер барысында қызығушылықтардың аралас болғаны тиімді. Келіссөз үдерісін зерттеуші, ғалым Ф. Ч. Икленің пайымдауынша, потенциалды қатысушылардың арасында біруақытта шиеленістік және бірегей көніл-күй орнауы қажет.

Американдық зерттеушілер Р. Фишер мен У. Юри да осы мәселелеге ерекше назар аударды.

Жақтардың қызығушылықтарының əркелкі болуы тараптардың тек қарама-қарсы бағыт ұстаулары тиіс екендігін білдірмейді, ресейлік зерттеуші В. В. Удалов қызығушылықтардың жаңасатын және жанаспайтын деген түрлерін атап көрсетеді. Жанасатын мұдделер қақтығысы кезінде тараптардың мақсаттары бір болады, яғни екі жақтың да қызығушылықтары бір болады. Мысалы, екі тараптың бір территорияға мұдделі болуы. Ал егер, бір тараптың мақсаттары екінші жақтың мақсаттарын жанамаса бұл өзара қыылышпайтын қызығушылықтар болып табылады [6].

3. Қатысушылардың өзара тәуелділігі.

Келіссөздер қатысушылары өз мақсаттарына жеке қол жеткізе алмаса, ол тәуелділікке

ұшырайды. Шынымен де, өзара тәуелділіктің деңгейі жоғары болған сайын келіссөздердің жемісті аяқталу деңгейі де жоғарылайды.

4. Құрделі құрылым.

Көптеген зерттеушілер келіссөздер үдерісінің үш кезеңін бөліп көрсетеді: дайындық, өзара әрекет ету (келіссөздер) және имплементация.

5. Тараптардың өзара сұхбаттасуы.

Кез келген келіссөздер қандай да бір мәселе бойынша пікір алмасуды алға қояды, сондықтан өзара тығыз қатынастар келіссөздердің бөлінбес бөлшегі болып табылады.

6. Мәселенің біріге отырып шешілуі.

Бұл келіссөздердің маңызды белгілерінің бірі. Осылайша, келіссөздер – өзара тиімді шешімге қол жеткізу мақсатындағы идея, ақпарат және баламаларды талқыла салатын тараптар арасындағы диалог (1 сурет).

A

B

1 сурет. Келіссөздер схемасы

1945 жылы БҰҰ-ның құрылуымен келіссөздер халықаралық аренада мемлекеттер, ұйымдар және тұлғалар арасындағы байланыстарды реттеуші құрал ретінде пайдаланыла бастады.

Көптеген ұйымдардың құрылуына және де жаһандық мәселелердің туындауына байланысты аталған тенденция соңғы жылдықта айқын көрініс тауып, кең ауқымды қолданыс тапты. Ал мұндай проблемалар бір мемлекет шегінде шешімін таппайтыны бәрімізге мәлім.

Біріншіден, әлем елдері бүгінгі жаһандану кезеңінде өзара тығыз байланыстар орнатып, олардың бір-біріне тәуелділігі артуда. Жер шарының бір бөлігінде орын алған саяси төңкерістер, революциялар, әскери қақтығыстар, заманауи технологиялар мен коммуникациялар арқылы әлемнің басқа шегіне жетіп, он немесе теріс көніл-күйлер тудыруда.

Екіншіден, әлем елдері өзара тәуелділікке ұшырауына байланысты, бір-біріне өте қатты ықпалын тигізуде. Мемлекеттер сыртқы саясатта экологиялық, экономикалық және т.б салаларға қатысты мәселелерді бейбіт жолмен шешуді жолға қоюда.

Халықаралық келіссөздердің тағы бір ерекшелігі аймақтық қайшылықтардың кең таралуына қарамастан, XX ғасырда әлемде негізгі халықаралық мәселелерді келіссөз жүргізу арқылы шешүге дағылануда. Осыған байланысты В. А. Кременюк келіссөздердің ерекше жүйесін құрып, мынадай ерекшеліктерді көрсетті: 1) қазіргі кездегі даулар мен қайшылықтарды анықтауда әмбебаптығының өсуі; 2) тұрақтылық пен дамуға өз үлесін қосады.

Бұдан келесі қорытынды жасауға болады. Қазіргі таңдағы халықаралық қауіпсіздік және бейбітшілік мәселелерін шешу, бірінші кезекте әскери емес тәсілдерді қолдануды, яғни келіссөздер арқылы шешуді қажет етеді. Бүгінде келіссөздердің негізгі ерекшеліктері ретінде біріншіден, «кезекті келіссөздердің» пайда болуын (БҰҰ Бас Ассамблеясының жыл сайынғы сессиялары, «Ұлken жетіліліктің» саммиттері, ЕҚЫҰ сессиялары), екіншіден шешім қабылдауда консенсустік тәсілдің қолдануын айтудың мүмкінлігін анықтауда.

Келіссөздердегі субъектілік өкілдік ету өте құрделі және бірнеше деңгейлі болуы мүмкін. Әдетте, келіссөздер үдерісіндегі субъектілерді айқын және айқын емес деп бөледі. Айқын субъектілерге келіссөз жүргізуши тұлғаларды жатқызамыз. Бұл белгілі бір мемлекет немесе басқа да субъектілер атынан өкілдік етіп отырған, арнайы құзыреттер мен сенімге ие тұлғалар болуы мүмкін. Алайда, келіссөздер бойынша маңызды шешімдерді, стратегиялар мен тактикаларға қатысты мәселелерді мемлекет, үкімет, парламент, кеңес (мәселен, директорлар) секілді беделге ие субъектілер қабылдап отырады. Сондай-ақ, оның (авторитеттің) жоғарысында келіссөздердің суперсубъектісі саналатын – халық, акционерлер, серіктестіктер, ассоциациялар болуы мүмкін.

Келіссөздер үдерісінің айқын емес қатысуышылары сарапшылар болып табылады. Келіссөздердің өту барысына баға беру, келіссөздердің басты тақырыбына айналған мәселенің шығу тегі мен себептерін айқындау сарапшылардың басты міндеті саналады. Сарапшылар шешім қабылдаудың жолдары мен мәнін сараптайды. Айқын субъектілер осы зерттеулер негізінде қорытынды шешім шығарады.

Келіссөздер үдерісіне қатысуышылардың өзара қабылдаған ұсыныстары келіссөздердің пәні болып табылады. Келіссөздердің пәнін сараптаудың екі деңгейін қарастыруға болады: нақты (мазмұндық) және абстрактілі. Сараптаудың нақты деңгейінде келіссөздердің пәніне өзара қызығушылықтарға ие, нақты анықталған обьектілер жатады. Мәселен, инвестицияларды қаржыландыру, тауарды сатып алу (сату), еңбекақыны өсіру, тұрғын үй жалдау, аренда және т.б. Сараптаудың абстрактілі деңгейінде келіссөздердің пәні ретінде мұдделер, қажеттіліктер, талаптар қабылданады [8].

Осылайша, келіссөздер – өзара тиімді негіздегі келісім табу үдерісі. Бұл халықаралық қатынастармен қатар пайда болған ежелгі институттардың бірі болып табылады. Алайда, бұл институт өзгеріссіз қалады деген мағынада емес, керінше қазіргі таңдағы халықаралық қатынастардың рөлі өсіп, тәсілдері мен түрлөрі өзгеріске ұшырауда. Келіссөздердің негізгі мақсаты халықаралық қатынастардағы пайдаболған мәселелер бойынша өзаратиімді келісімге келу болып табылады. Сондай-ақ, оның нәтижелері реесми құжаттардың әркелкі формаларында бекітіліп, күшіне енеді. Келіссөздер күнделікті өмірдің факты мен түрлі мемлекеттердің, халықтардың, саяси партиялар мен үйымдардың бейбітшілік пен ынтымақтастық негізде өмір сүруінің кепілі болып табылады.

Әдебиет

1. Вопросы исследования международных переговоров / Под ред. Кременюк В. А. Сергеев В. М., Кокошин А. А. / МЭиМО. – 1988. № 10. – 3–10 б.
2. Психология и этика делового общения: Учебник для вузов / Под ред. проф. В.Н. Лавриненко. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 415 б.
3. Исраэлян В.Л. Дипломаты лицом к лицу. – М.: Международные отношения, 1990. – 45 б.
4. Дубинин Ю.В. Мастерство переговоров: Учебник для студентов, обучающихся по специальности «Международные отношения». Изд. третье, доп. – М.: Междунар. отношения, 2009. – 15 б.
5. Мокшанцев Р. И. Психология переговоров. – М. – Новосибирск, 2002. –19 б.
6. В.Удалов. Баланс сил и баланс интересов // Международная жизнь. – 1990. – № 5. – 16–25 б.
7. Шеретов С. Г. Ведение международных переговоров: Учебное пособие. – Алматы: Данекер, 2004. – 14–17 б.
8. Мокшанцев Р.И. Психология переговоров: учеб. пособие. – М., 2002. – 23 б.

Компетенции профессионального аналитика

Бейсембаев А. А.

Профессиональный аналитик – это очень востребованный специалист практически в любой сфере деятельности. Навыки обработки и подачи любого материала ценятся очень высоко не только в частных компаниях, но и в государственных структурах.

Основой государственной службы является управленческая деятельность, которая обеспечивается ежедневной аналитической работой. Практически во всех государственных органах существуют отдельные подразделения, которые отвечают за информационно-аналитическое сопровождение деятельности государственных органов. Функциональные обязанности